

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері  
Университеті

# **Мектеп және сыныптағы тәрбие жұмысының мақсатын, міндеттерін анықтау**

Орындаған: Жатыкбаева Марина  
124 топ студенті

Алматы қ. 2018 ж.

# Жоспар

- Кіріспе
- Тәрбие жұмысының мақсаттары қандай?
- Тәрбие жұмысының міндеттері қандай?
- Қорытынды
- Қолданылған әдебиеттер

# Кіріспе

\* Мектептің тәрбие жұмысын мақсатсыз ұйымдастыруды көзге елестету мүмкін емес. Онда мақсаттың болмауы тәрбие әрекетінің маңызын жояды. Өйткені қандай да болмасын әрекеттің түрі мақсатқа сәйкес туындайды. Сондықтан, мақсат тәрбие жұмысының принципін, мазмұны мен формалары және әдістерін анықтайды. Сол үшін де мектеп мұғалімдері қандай да бір мақсатты анықтап, белгілеуде, оның дұрыс белгіленуіне жауап береді.





\*В. А. Сухомлинскийдің пікірінше: “Оқу мекемелері және оның қабырғасы тәрбиелеуі мүмкін, бірақ мектептің барлық ұжымы тәрбиелеуге қабілетсіз болады, егер де педагогтар жеке-дара және мақсатсыз әрекет етсе”, - дейді.



Тәрбиедегі  
мақсат - адам  
деген атты құр  
жала қылып  
жапсырмай, шын  
мағынасымен  
адам қылып  
шығару.

Мағжан  
Жұмабаев

Педагогикалық әдебиеттерде мақсатқа қатысты анықтамаларда ортақ пікір қалыптаспаған.

- Мақсат - бұл ғылыми түсінік, ол белгілі бір әрекеттің түпкі нәтижесін алдын ала сезіну деп түсіну керек;
- Мақсат - бұл тәрбие процесінің элементі; жүйеқұрушы фактор;
- Мақсат - мақсат қою арқылы бұл педагогтың және тәрбиеленушінің басқару әрекетінің кезеңі;
- Мақсат - бұл, жалпы алғанда, тәрбие жүйесі, процесі және тәрбиеленушінің басқару нәтижесінің өлшемі.
- Мақсат - бұл тәрбие жұмысының принципін, мазмұны мен формалары және әдістерін анықтайтын тәрбие процесінің қозғаушы күші.

Тәрбие мақсаты - бұл қоғамның бір нәрсеге қол жеткізуге бағытталған күш-жігері, талпынысы.

Тәрбие жұмысының мақсаты, баланың жеке тұлғасының даму процесін басқару міндеттері арқылы анықталады.

- Міндет – адамның бұлжытпай орындауға тиісті тәртібі мен қарым-қатынасына қойылатын талаптар жүйесі;
- Міндет – мақсатқа жету жолдарындағы орындалуы қажет нәтиженің бір бөлігі;
- Міндет – белгілі бір мақсатқа жету тәсілі.


Демек, тәрбие жұмысының маңызды міндеттері болып оқушыларда азаматтық жауапкершілікті және құқықтық саналылықты, руханилық және мәдениеттілікті, белсенділік пен дербестікті, қоғамға және еңбек нарығына нәтижелі, белсенді бейімделу қабілетін қалыптастыру саналады.

---

\* Мақсат қою - субъектілердің іс-әрекеттерінің мақсаттары мен міндеттері анықтау процесі. Тәрбие жұмысында ол оған болашақ қатынасушы субъектілердің болашақта атқарылатын іс-әрекеттерінің мақсаты мен міндеттерін алдын ала анықтау, болжау процесі деп түсіну керек. Ол субъективтік жағдайда болуы және жоспарланған іс-шаралардың нәтижесімен сәйкес келуі тиіс.

мақсат қою - субъектілердің іс-әрекеттерінің мақсаттары мен міндеттері анықтау процесі.






\* Демек, мақсат пен міндеттерді анықтау және жобалау мақсат қою процесінде жүзеге асады. Ол үшін тәрбие жұмысының мақсатын анықтау негізгі мәселенің бірі болып саналады. Себебі, қандай да болмасын әрекеттің түрі мақсатқа сәйкес туындайды. Мақсат болмаса әрекет те болмайды. Сол үшін де мектеп мұғалімдері қандай да бір мақсатты анықтауда соның дұрыс белгіленуіне жауап береді. Тәрбие жұмысында дұрыс қойылмаған мақсат оның жұмысында келеңсіз жағдайлардың туындауына себепкер болады. Олай болса, тәрбие жұмысының нәтижелі болуын көбінесе ондағы мақсаттың нақтылығына байланысты бағаланады.



\* Мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекетінің сипаты, сонымен бірге мақсатының қаншалықты дәрежеде атқарылуына, проблемалық жағдаяттың туындауына да байланысты. Неегізгісі, мақсатты анықтау барысында оған қатысушы әрбір жақ өздерінің болашақтағы әрекеттерінің мәнін жақсы әрі айқын түсінулері шарт.

\* Мақсатқа қарағанда міндеттер оған жетудің негізгі жолы ретінде қарастырылады. Мәселен, В. П. Беспалов шартты түрде тәрбие міндеттерін нақты жағдайда, нақты іс-әрекет барысында және нақты құралдардың көмегімен мақсатты анықтау ретінде қарастырады.





Соған орай, тәрбие міндеттері 3 компонентті өзінде қарастырады: мақсат, жағдай, әрекет.  
Мысалы:

- а) Оқушылардың танымдық қызығушылын қосымша сабақтар жүйесін құру арқылы дамыту;
- б) Оқушылардың танымдық қызығушылығын ұжымдық іс-әрекеттерін оқудан тыс кезде дамыту;
- в) Оқушылардың танымдық қызығушылығын клуб жұмыстарын ұйымдастыру арқылы дамыту.

Дегенмен де тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін бөліп қарастыру ыіршама салыстырмалы түрде болады. Барлығы олардың қандай жүйеде болатындығына байланысты. Мәселен, тәжірибе жүзінде педагогқа жалпы, топтық немесе жеке-дара мақсаттарды органикалық тұрғыдан үйлестіру және олардың өзара әрекеттесуі мәселелерін шешіп отыруы жиі кездесіп отырады.

Жалпы мақсат топқа сырттай танылуы немесе топтың өзінің анықтауы арқылы, болмаса ол сырттай тапсырма және топтың ішкі бастамасының бірлігі ретінде құрылуы мүмкін.

The background features a soft gradient from light blue at the top to purple at the bottom. It is adorned with decorative elements including green vines with heart-shaped leaves and colorful flowers in shades of pink, purple, and blue. Some flowers have a bright, starburst-like glow. The overall aesthetic is clean and celebratory.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!**